


Түйеқұстар отряды




Түйеқұс ең ірі құс түріне жатады. Бойы 2,5-3 метрге, салмағы 100-160 кг-ға дейін жетеді. Қанаттары қысқа болғандықтан ұша алмайды.

Алайда, өте күшті аяқтарымен сағатына 70 шақырымға дейін жүгіре алады. Бұл оның өзіне төнген қауіптен қашып құтылуына әрі шөл ортасында азығын оп-оңай тауып жеуіне көмектеседі.

Түйеқұстардың Африка, Оңтүстік Америка және Австралияда өмір сүретін үш түрі кездеседі. Олар бір-бірінен аяқ саусақтарының саны және іріліктерімен ажыратылады. Бұл үш түрге жататын түйеқұс та артқа да, алдыға қарай 400 кг-ға дейін жететін аса ауыр күшпен тебе алады.



Түйеқұстардың кездесетін аумағы



Ерекшеліктері

Түйекұс ең ірі құс түріне жатады. Бойы 2,5-3 метрге, салмағы 100-160 кг-ға дейін жетеді. Қанаттары қысқа болғандықтан ұша алмайды. Алайда, өте күшті аяқтарымен сағатына 70 шақырымға дейін жүгіре алады. Бұл оның өзіне төнген қауіптен қашып құтылуына әрі шөл ортасында азығын оп-оңай тауып жеуіне көмектесед



Түйекұстар көбінесе ашық алаңқайларда жайылғанды жақсы көреді. Өздеріне нәсіп етілген керемет жүндері арқылы күндіз ыстықтан, түнде суықтан қорғанып денелерінің жылу температурасын сақтайды. Ешқандай термодинамикалық сабақ алмаса да қатты ыстықта жүндерін желпу арқылы салқындайды. Қанаттары жылу температурасын реттеумен қатар дұшпандарын қорқыту және өз серігін таңдау ісінде көп көмегін тигізеді. Еркегі ашу шақырған уақытта мойны мен басын тік көтеріп көкірегі керіп құйрық жүндерін тікірейтеді. Көбею кезінде топ-топтарға бөлінеді.



Бастарын құмға көметіні рас па?

Көпшілік сенетін түйеқұстың қатты қорыққанда басын құмға жасыруына келсек, түйеқұстар қорек іздеп жүріп те кейде жердегі тесіктерге бастарын сұға береді. Өте бір сыршыл түйсікке ие түйеқұс қатер төнген кездерде алыста тұрған тас кейпін елестетіп басын екі аяғының арасына жасырып қимылсыз, тұрған орнында қатып қалатын кездері болады. Қандай да бір аңның қолына түсе қалған жағдайда өліп қалған кейіп танытып, сұлай кететін түйеқұстар түнгі кездерде де осылай ұйықтайды. Міне, осылайша бастарын құмға көму жағдайы түйеқұстардың әлгіндей қорғануынан туындаса керек.




Түйеқұстардың жұмыртқасы

Түйеқұстар орташа алғанда 18-24 айлығында жұмыртқалай бастайды. Жақсы бапталған түйеқұстар жылына 40-80 пар жұмыртқа бере алады. Түйеқұс жұмыртқасы 1-1,5 кг салмағымен ең үлкен жұмыртқа түріне жатады. Түйеқұстың бір жұмыртқасы тауықтың 25-30 жұмыртқасына тең. Протеин мен витаминге бай келетіндіктен түйеқұстың бір жұмыртқасымен 20 адамды еркін тойдыруға болады.



Қаңқасы

Түйеқұстардың төсі қырлы сүйексіз жалпақ болады. Құстардың бас сүйектері де өте жеңіл болады. Ми сауытын құрайтын сүйектерден басқа астыңғы және үстіңгі жақ сүйектері бар. Бірақ жақ ұзарып тұмсыққа айналып кеткен. Жақ сүйектерден тері тектес тіс пластинкасы болады. Құстардың алдыңғы аяғының құрылысына көп өзгеріс кірген. Бірінші саусақ нашар жетілген басқа саусақтардың тек қана болмашы қалдығы сақталған. Саусақтардың қалдықтары құстың алдыңғы аяқтарының ұшуға бейімделіп қанатқа айналғандығын көрсетед



Түйекүстәрізділердің аяқтары ұзын әрі өте мықты. Сирақтары мен жіліншіктерінде қауырсын болмайды. Сүйек ішіндегі ауа қуысы нашар жетілген, құйрық (шонданай) безі болмайды, ішегі ұзын, етті қарыны қалың. Жер бетіндегі екі саусағы бар бірден бір құс.



Қауырсындары



Қауырсындары денесін біркелкі жауып жатады, оның желпуіштерінде ілмекшелері болмайтындықтан, жеке-жеке шашақталып тұрады.

Қораздарының қанат қауырсындарының ұшы мен құйрық қауырсыны ақ, қалған жері қара, мекиендерінде – қоңыр сұр түсті болады. Басы мен мойнын мамық жапқан.